

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған саусақ моторикасын ойын арқылы дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.03.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/176765/>**Бақыт Арайлым Жалғасханқызы****Лауазымы: тәрбиешісі****Ақтөбе облысы****Ақтөбе ауданы****Бақытты бала балақашасы.**

Кіріспе: Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық және психологиялық дамуының маңызды аспектілерінің бірі – саусақ моторикасы. Баланың саусақтарының ұсақ қозғалыстарын дамыту оның жалпы дамуына, сөйлеу қабілетіне және жазуға дайындалуына тікелей әсер етеді. Осы орайда, саусақ моторикасын дамытуда ойын әдістерін қолдану ерекше тиімді болып табылады. Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың саусақ моторикасын ойындар арқылы қалай дамытуға болатыны туралы егжей-тегжейлі қарастырылады.

Негізгі бөлім:**1. Саусақ моторикасының маңызы.**

Саусақ моторикасы – бұл қолдың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалыстарын үйлестіре білу қабілеті. Баланың саусақтары мен қолдарының ұсақ моторикасы неғұрлым жақсы дамыса, ол қолмен жасалатын әрекеттерді тезірек және дәлірек орындайды. Мысалы, қарындашты дұрыс ұстау, түймелерді тағу, аяқ киімді байлау және басқа да күнделікті өмірдегі дағдылар саусақ моторикасының дамуына байланысты.

Саусақ моторикасының дамуы мыналарға тікелей әсер етеді:

Сөйлеу қабілеті. Ғалымдар баланың сөйлеу қабілеті мен саусақ моторикасының арасында тығыз байланыс бар екенін дәлелдеген. Бұл ми құрылымдарының арасында тығыз нейрондық байланыс болуымен түсіндіріледі. Саусақтардың ұсақ қозғалыстары

неғұрлым икемді болса, баланың сөйлеу тілі де соғұрлым жақсы қалыптасады.

Жазуға дайындық. Саусақ моторикасы дұрыс дамыған бала жазуға тез үйренеді. Ол қарындашты немесе қаламды дұрыс ұстап, әріптерді анық және ұқыпты жаза алады.

Ойлау қабілеті. Саусақ моторикасын дамытатын ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауын жақсартады. Ұсақ моторика арқылы бала қолмен жасайтын іс-әрекеттерді үйлестіруді үйреніп, кеңістікті бағдарлау дағдыларын меңгереді.

2. Саусақ моторикасын дамытудағы ойындардың рөлі.

Ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті болып табылады. Ойындар арқылы балалар әлемді танып, өз дағдыларын жетілдіреді. Осы тұрғыда, ұсақ моториканы дамыту үшін ойындардың маңызы ерекше. Ойындар балалардың табиғи қызығушылығын оятып, оқытуды тиімді етеді. Балалар ойын арқылы:

- Жаңа дағдыларды игереді.
- Әлеуметтік дағдыларды дамытады.
- Қиындықтарды шешу қабілеттерін жетілдіреді.
- Топта жұмыс істеуді үйренеді.
- Оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Моторикаға арналған ойындар арнайы құрылымдалған болуы мүмкін немесе қарапайым тұрмыстық жағдайларда да орындалады. Мұндай ойындар арқылы балалардың қолдары дамып қана қоймай, олардың зейіні, шыдамдылығы және қиялы да жетіледі. Мысалы, моншақтарды тізу, мозаиканы құрастыру немесе пластилиннен түрлі мүсіндер жасау ойындары балалардың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған.

3. Саусақ моторикасын дамытатын ойындар

Саусақ моторикасын дамытуға арналған көптеген ойындар мен жаттығулар бар. Олардың ішінде ең тиімділері:

3.1. «Саусақ жаттығулары»

Саусақ жаттығулары – қарапайым әрі тиімді әдіс. Бұл жаттығулар әр түрлі қимылдарды қайталау арқылы орындалады. Балалар саусақтарымен түрлі пішіндер жасап, ойыншықтарды ұстап, қол қимылдарын әртүрлі бағытта жасайды. Саусақ қимылдары:

3.2. «Моншақтар тізу»

Бұл ойын балалардың саусақ қимылдарын жетілдіру үшін керемет жаттығу. Әр түрлі түстер мен көлемдегі моншақтарды жіпке тізу кезінде балалар:

Саусақтарының икемділігін арттырады.

Зейінін шоғырландыруды үйренеді.

Түс пен көлемді ажыратуды дамытады.

Бұл ойын балалардың шығармашылық қабілеттерін де дамытуға септігін тигізеді, себебі олар өз тізген моншақтарынан әдемі әшекейлер жасайды.

3.3. «Пластиннен мүсін жасау»

Пластинмен жұмыс істеу балалардың саусақ моторикасын дамытудың тағы бір тиімді жолы. Пластинді илеп, оны мүсіндеп, түрлі пішіндер жасау арқылы балалар:

- Саусақ бұлшықеттерін нығайтады.
- Қол қимылдарының икемділігін арттырады.
- Қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Пластинмен жұмыс балаларға тек қызықты ғана емес, сонымен қатар оларды тәртіпке, шыдамдылыққа және ұқыптылыққа тәрбиелейді.

3.4. «Түймелерді тігу»

Түймелерді тігу ойыны ұсақ моториканы дамытудың тиімді тәсілі. Бұл ойын үшін инелер мен жіптер қолданылады, бірақ қауіпсіз болуы үшін пластмасса инелер мен үлкен түймелерді пайдаланған дұрыс. Ойын барысында балалар:

- Түймелерді дұрыс орналастыруды үйренеді.
- Саусақ бұлшықеттерін күшейтеді.
- Зейінін, шыдамдылығын және ұқыптылығын дамытады.

Бұл ойын балаларды тұрмыстық өмірге дайындайды және олардың дербестігін арттырады.

3.5. «Қолмен сурет салу»

Қолмен немесе саусақтармен сурет салу балаларға ерекше ұнайды. Бұл ойынның артықшылықтары:

- Балалар өздерінің қиялын шектемей, шығармашылық қабілеттерін толық көрсетуге мүмкіндік алады.
- Саусақтардың икемділігін арттырады.
- Балалардың эмоциялық өрісін дамытады, өйткені сурет салу процесі баланы босаңсытып, оның көңіл күйін жақсартады.

3.6. «Мозаика жинау»

Мозаика – ұсақ моториканы дамытудың керемет құралы. Балалар мозаиканың кішкентай бөлшектерін орналастыру арқылы:

- Саусақ бұлшықеттерін жаттықтырады.
- Логикалық ойлау мен кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіреді.
- Шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Қорытынды

Саусақ моторикасын ойын арқылы дамыту – мектеп жасына дейінгі балалардың маңызды дағдыларының бірі. Ойындар балаларға тек қана дамуға мүмкіндік беріп қоймай, оларды қызықтырып, белсенді әрекетке итермелейді. Саусақ моторикасының дамуы баланың сөйлеу қабілеті мен жазуға дайындығын жақсартады, сонымен қатар жалпы психофизикалық дамуына оң әсер етеді. Сондықтан ата-аналар мен педагогтар саусақ моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп, бұл процесті ойын түрінде жүзеге асыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құсаинов А.Қ. «Баланың дамуы» Алматы. Рауан, 2000.

2 М.Қ.Бапаева. Даму психологиясы. – Алматы, 2014.

3. Бала мен балабақша. №3. 2015 ж..

4. Бала мен балабақша. №5. 2015 ж..

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.